

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

ТОҢАЗЫТҚЫШ
СТ-1700, СТ-1702, СТ-1703

ҚУАТ • САПА • ДИЗАЙН



4784055

МАЗМҰНЫ

1. Қауіпсіздік шаралары
2. Жеткізу жиынтығы
3. Тоңазытқышты тасымалдау
4. Тоңазытқышты орнату
5. Тоңазытқышты пайдалану
6. Қызмет көрсету және күту
7. Ақауларды жою
8. Кіріктірілген hd-медиаплеердің
9. Қоршаған ортаны қорғау, аспапты кәдеге жарату
10. Сертификаттау туралы ақпарат, кепілдікті міндеттемелер
11. Өндіруші, импорттаушы туралы ақпарат

Құрметті тұтынушы!

Сізге TM CENTEK өнімін тандағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Осы бұйымның пайдалану ережелерін сақтаған кезде оның мінсіз жұмыс істеуіне кепілдік береміз.

Өтінеміз, пайдаланар алдында аспапты дұрыс және қауіпсіз пайдалану туралы маңызды ақпаратты қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Осы нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз. Аспапты тікелей мақсатында пайдаланбаған жағдайда және осы нұсқаулықта көрсетілген ережелер мен шарттар сақталмаған кезде, сондай-ақ аспапты білікті емес жөндеуге әрекет жасалған жағдайда өндіруші жауапты болмайды. Егер Сіз құралды қолдану үшін басқа тұлғаға беруді қаласаңыз, оны осы нұсқаулықпен бірге беруіңізді сұраймыз.

Тоңазытқыш тұрмыстық аспап болып табылады және өнеркәсіптік мақсаттарда қолдануға арналмаған!

1. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Сіз сатып алған құрал Ресей Федерациясында электр құралдарына қолданылатын барлық ресми қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және пайдалану мерзімін ұзарту үшін осы нұсқаулық пен таңбаламаны мұқият оқып шығыңыз және қауіпсіздік бойынша келесі нұсқауларды орындаңыз. Осы нұсқаулықты кейінгі пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Осы қауіпсіздік шараларын сақтамау жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ!

1. 220-240В айнымалы тоқтың қуат көзін ғана қолданыңыз, 50 Гц.
2. Қосу кезінде жалғастырғыш тетіктер мен ұзартқыштарды пайдаланбауға тырысыңыз.
3. Тоңазытқышта тез жанғыш материалдарды (бензин, желім, эфир және т.б.) сақтамаңыз.
4. Тоңазытқышқа су төгіп алмаңыз, бұл Сіз үшін қауіпті болуы немесе тоңазытқыштың сынуына әкелуі мүмкін.
5. Егер Сіз аспапты пайдаланған кезде ерекше шу, иіс немесе түтін не болмаса құралға тән емес басқа да белгілерді байқасаңыз, қуатты өшіру және сервис қызметінің өкілдерімен байланысу қажет.
6. Қуат беру кабелінің зақымдалуына жол бермеңіз:
 - Қуат беру кабелін ауыстыруға тыйым салынады.
 - Қуат беру кабеліне ауыр заттарды қоймаңыз.
 - Қуат беру кабелін жылу көздерінен алыс ұстаңыз.
 - Тоңазытқышты желіден сөндірген кезде қуат беру баусымын емес, ашаны тартыңыз.
7. Тоңазытқыш үй-жайлар ішінде қолдану үшін әзірленген. Тоңазытқышты ешбір жағдайларда далада пайдаланбаңыз.
8. Тоңазытқыш үй жағдайларында тоңазытылған және салқындалатын өнімдерді осы нұсқаулыққа сәйкес тоңазыту және сақтау үшін үй жағдайларында қолданылуы тиіс.
9. Балаларға аспапты қараусыз пайдалануға рұқсат бермеңіз.
10. Тоңазытқыш өте үлкен салмаққа ие, тасымалдау үшін кем дегенде екі адам қажет.
11. Тоңазытқышты су қолмен ұстамаңыз.
12. Құралдың жануын не болмаса зақымдануын болдырмау үшін ұзартқыштарды, үштармақтарды және жалғастырғыш тетіктерді пайдаланбаңыз. Өндіруші жалғастырғыштар мен ұзартқыштарды, сондай-ақ қимасы тұтынылатын қуаттылыққа сәйкес келмейтін қосушы кабельді пайдаланғаннан туындаған жану үшін жауапкершілікті көтермейді. Тоңазытқышты орнату кезінде тоңазытқыштың артқы жағындағы арнайы тақтайшада көрсетілген желі мен электр параметрлерінің сипаттамаларының сәйкестігін тексеру қажет. Ашаны розеткадан сымынан ұстап суырмаңыз: бұл өте қауіпті. Аспапты желілік ашаға жақындатпаңыз. Қуат беру баусымы зақымдалған жағдайда, оны арнайы баусыммен немесе авторландырылған сервистік орталық ұсынған жиынтықпен ауыстыру қажет. Кабельді білікті қызметкерлер ғана ауыстыруы тиіс. Құралды жарамды қорғаныс құрылғысы бар электр желісіне қосыңыз (автоматты ажыратқыштар, балқымалы сақтандырғыштар және т.б.).
13. Тоңазытқыштың ішкі мұздатқыш беттеріне қол тигізбеңіз.
14. Тазарту немесе қызмет көрсету бойынша кез келген операцияларды орындау алдында тоңазытқышты желіден ажыратыңыз. Термореттегіш тұтқасын «ӨШІРУ» қалпына орнату электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз.

15. Электрлік тоңазытқыш құрылмасын өзгертуге және кепілдікті жөндеуді уәжілетті емес тұлғалармен жүргізуге тыйым салынады.
16. Тамақ өнімдерін сақтау бөліктерінің ішінде электр аспаптарын қолдануға өндіруші ұсыныс бермесе, оларды қолданбаңыз.
17. Тез тұтанатын газдарды немесе сұйықтықтарды, сұйықтықтары бар бөтелкелер мен құтыларды тоңазытқыштың ішінде сақтамаңыз.

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

- Бір электрлік қуат тізбегіне өте көп аспаптарды қоспаңыз, себебі бұл тұтануға әкелуі мүмкін.
- Егер Сіз тоңазытқышты ұзақ уақыт пайдаланбауды жоспарласаңыз, оның желілік ашасын розеткадан ажыратыңыз.
времени, отсоедините его сетевую вилку от розетки.
- Төмен температуралы бөлімінің ішкі қабырғаларын немесе онда жатқан өнімдерді ылғалды қолмен ұстамаңыз.
- Бөтелкелерді немесе басқа шыны ыдыстарды төмен температуралы бөлімге салмаңыз.

ЕСКЕРТУ!


- Тоңазытқышта салқындатуды арнайы жабдықты қолдана отырып, тоңазытқышқа толтырылатын салқындатқыш агент қамтамасыз етеді. Тоңазытқыштың артқы қабырғасында салқындатқыш агентінің айналу түтікшелерінің зақымдалуына жол бермеңіз.
- Бұл бұйымда изобутан - табиғи газ болып келетін аз мөлшерде салқындатқыш агент бар, ол қоршаған ортаға зиян келтірмейді, бірақ жанғыш зат болып табылады. Тоңазытқышты тасымалдау және орнату кезінде салқындатқыш агентінің айналу контурының еш бөлігін зақымдап алмау үшін сақ болу қажет.
- Түтіктерден шыққан кезде салқындатқыш тұтануы немесе денсаулығыңызға зиян тигізуі мүмкін. Егер салқындатқыш агенттің контуры зақымдалса, ашық оттың кез келген түрінен немесе ықтимал тұтану көздерінен аулақ болыңыз, сондай-ақ тоңазытқыш тұратын бөлмені бірнеше минут желдетіңіз.
- Салқындатқыш агент ағып кеткен жағдайда газ бен ауаның өрт қаупі бар қоспасының түзілуін болдырмау үшін тоңазытқыш тұратын бөлменің өлшемдері тоңазытқышта қолданылатын салқындатқыш агенттің мөлшеріне сәйкес келуі тиіс.
- Бөлменің көлемі тоңазытқыштағы R600a салқындатқыш агентінің әрбір 8 г мөлшеріне 1 м³ құрауы тиіс. Сіздің нақты тоңазытқышыңыздағы салқындатқыш агенттің мөлшері тоңазытқыштың артқы қабырғасындағы төлқұжаттық деректері бар тактайшада көрсетілген.
- Тоңазытқышты ешқашан зақымдану белгілерімен қоспаңыз. Егер сізде бұйымның жарамдылығына қатысты күмән туындаса, сервис қызметіне жүгініңіз.

2. ЖЕТКІЗУ ЖИЫНТЫҒЫ

СТ-1700

- Тоңазытқыш- 1 дана.
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық - 1 дана
- Су жинауға арналған науа - 1 дана
- Торлы сөре - 1 дана
- Бітеуіш - 3 дана


1. Мұздатқыш бөлік
2. Ысырма
3. Металл сөре-тор
4. Реттелетін аяқтар
5. Температура реттегіші
6. Есік сөресі
7. Тоңазытқыштың
8. Бөтелкелерге арналған сөре



СТ-1702

- Тоңазытқыш- 1 дана.
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық - 1 дана
- Су жинауға арналған науа - 1 дана
- Торлы сөре - 2 дана
- Мұзға арналған пішін - 1 дана
- Жұмыртқаларға арналған науа - 1 дана.


1. Мұздатқыш бөлік
2. Металл сөре-торлар
3. Реттелетін аяқтар
4. Температура реттегіші
5. Есік сөресі
6. Тоңазытқыштың
7. Бөтелкелерге арналған сөре



СТ-1703

- Тоңазытқыш - 1 дана.
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық - 1 дана
- Су жинауға арналған науа - 1 дана
- Торлы сөре - 2 дана
- Шыны сөре - 1 дана
- Көкөністер арналған контейнер - 1 дана
- Мұзға арналған пішін - 1 дана
- Жұмыртқаларға арналған науа - 1 дана.

1. Мұздатқыш бөлік
2. Негізгі сөрелер
3. Көкөністер арналған контейнер
4. Реттелетін аяқтар
5. Температура реттегіші
6. Есіктің сөрелері
7. Тоңазытқыштың
8. Бөтелкелерге арналған сөре



3. ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТАСЫМАЛДАУ

Аспапты тасымалдау немесе тасу кезінде түбінен ұстаңыз және тік қалпында тасымалдаңыз. Тоңазытқышты 45° артық еңкейтпеңіз. Оны ешқашан төңкермеңіз. Аспапты бүйірлік немесе артқы жаққа қоймаңыз. Егер аспап бүйірінде, артқы немесе алдыңғы жағында жатса, оны тасымалдамаңыз. Тасымалдау кезінде есікті көмек ретінде пайдаланбаңыз. Бұл аспапты істен шығаруы мүмкін. Аспапты ас үй бойынша жылжыту және орнына дәл орнату үшін тоңазытқышты артқы қабырғаға қарай сәл еңкейтіңіз және жылжытыңыз. Тоңазытқыштың екі алдыңғы аяғын биіктігі бойынша реттеуге болады. Аспапты дәл тегістеу үшін құрал еденге мықтап орналасуы үшін алдыңғы аяқтарды солға немесе оңға бұраңыз.

4. ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ

Тоңазытқыштың сенімді және тиімді жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін дұрыс орнату қажет. Тоңазытқышты түбінен ұстап көтеру керек. Есігінен немесе тұтқасынан тартпаңыз.

Өндірушінің кепілдігі қайта орнату нәтижесінде есіктің зақымдануына қолданылмайды. Осындай жағдайлардан туындаған жөндеу иесінің есебінен жүзеге асырылады.



ЕСІКТЕРДІ ҚАЙТА ІЛУ

НАЗАР!

Есікті қайта құру рәсімін орындау үшін білікті маманға хабарласу ұсынылады. Егер Сіз тоңазытқыштың есігін өз бетіңізше қайта ілуді шешсеңіз, осы нұсқаулықтың төмендегі ұсыныстарын пайдаланыңыз.

Қажетті құрал-саймандар: айқыш бұрауыш, жалпақ бұрауыш, алты қырлы бұрауыш.

1. Тоңазытқышты электр желісінен ажыратыңыз.
2. Тоңазытқыш бөлімнен барлық өнімдерді шығарыңыз. 3. Тоңазытқыштың жоғарғы жағында орналасқан пластикалық төсемді бұрап алыңыз.
4. Тоңазытқыштың жоғарғы және төменгі ілмектерін бұрап алыңыз, содан кейін есікті абайлап алыңыз
5. Төменгі ілмекті қарама-қарсы жаққа бұраңыз, тоңазытқыштың есігін орнатыңыз және жоғарғы ілмекті бұраншегелермен бекітіңіз.
6. Пластикалық төсемді тоңазытқыштың жоғарғы ілмегіне бұраңыз.
7. Есіктің дұрыс орнатылғанына және тығыздағыштардың барлық жағынан жабылғанына көз жеткізіңіз.
8. Тоңазытқыштың тұрақты орналасуын қамтамасыз ету үшін аяқтың биіктігін реттеңіз.



ЖЕЛДЕТУ

Тоңазытқыштың компрессоры мен конденсаторы жұмыс істеу кезінде қызады, сондықтан құралға жеткілікті желдетуді қамтамасыз ету қажет.

1. Тоңазытқыш ылғалдылығы қалыпты, жақсы желдетілетін үй-жайда орнатылуы тиіс. Тоңазытқышты ылғалдылығы жоғары үй-жайларда, мысалы, ванна бөлмелерінде, жер төселерде орнатуға тыйым салынады.
2. Орнату кезінде аспаптың бүйірлерінде минималды бос орындарды (3-5 см) және ауаның еркін айналымы үшін жоғарыдан 10 см қамтамасыз етіңіз. Аспаптың артында ауа қозғалысын бөгемеңіз.
3. Жылу көздерінің жанында қоймаңыз.
4. Тоңазытқышты тікелей күн сәулесінің әсерінен немесе жылу көздерінің жанында (асүй плиталары, тұмшәпештер, каминдер) орнатпау керек.

ТЕҢЕСТІРУ

Тоңазытқыштың тиімді жұмыс жасауы үшін оның тегіс бетте орнатылғаны маңызды. Тоңазытқышты орнына орнатқаннан кейін оның алдыңғы бөлігіндегі реттегіш тіректерді айналдыру арқылы оның қалпын реттеңіз. Тоңазытқыштың артқа еңісі 5° аспауы тиіс.

ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ҚОСУ

Тоңазытқыш электр тоғымен зақымдалудан қорғаудың 1-классына сәйкес келеді және электр желісіне жерге тұйықтау түйіспесі бар екі полюсті розетканың көмегімен қосылады.

Электр желісіне қосар алдында:

- желінің кернеуі тоңазытқыштың артқы жағындағы арнайы тақтайшада көрсетілген мәліметтерге сәйкес келетіндігіне;
- электр розеткасының жерге тұйықтау түйіспесі электр желісінің қоректендіруші кабелінің жерге тұйықтау сымына жалғанады (жалғау өткізгіш суы кемінде 10 А токқа есептелуге тиіс);
проводом питающего кабеля электрической сети (соединительный про- вод должен быть рассчитан на ток не менее 10 А);
- бір түрлі розетка мен аша; егер аша розеткаға сәйкес келмесе, розетканы тиісті қуат бауысының ашасымен ауыстыру керек (жұмысты білікті электрик орындауы керек).
следует заменить на соответствующую вилке питающего шнура (работы должен выполнять квалифицированный электрик).

Тоңазытқыш, Сіз әрдайым розеткаға қол жеткізе алатындай орнатылуы тиіс. Осы нұсқауда мазмұндалған, қуаты үлкен тұрмыстық аспаптар қауіпсіздігінің талаптарын бұза отырып қосылған тоңазытқыш әлеуетті қауіпті болып табылады.

Көрсетілген орнату нормалары сақталмаған болса, өндіруші денсаулыққа және меншікке келтірілетін залал үшін жауапкершілік көтермейді.

5. ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ

ІСКЕ ҚОСУ

Тоңазытқышты электр желісіне оны орнатқаннан кейін үш сағаттан соң қосу керек. Осылайша, салқындатқыш агент тасымалдаудан кейін тиісті дәрежеде таралады - бұл тоңазытқыштың дұрыс жұмыс істеуі үшін қажет.

Тоңазытқышты электр желісіне қосқаннан кейін бірнеше сағат өткен соң Сіз оған өнімдер сала аласыз.

Компрессор мен текшенің артқы қабырғасы арасында көлік кергіштерін, сондай-ақ басқа кергіштерді және құралдың жылжымалы бөліктерін жылжудан ұстап тұратын желімделетін таспаларды алып тастаңыз.

Құралдың полимерлі қабықшадан жасалған қорғағыш жабыны болса, бөлшектердің лак-бояу немесе полимерлі жабынын бүлдіріп алмау үшін сақтық шараларын ұстана отырып, оны ұқыпты алып тастаңыз.

ТОҢАЗЫТҚЫШ КАМЕРАНЫ ПАЙДАЛАНУ

Тоңазытқыш бөлімінің ішіндегі температура термореттегіштің тұтқасын бұру арқылы орнатылады. Термореттегішті орташа қалыпқа орнатуды ұсынамыз. Тоңазытқыш бөліміндегі салқын ауа төмен температура бөлімнің төменгі жағына орнатылатындай етіп айналады. Сақтаудың ең жақсы жағдайларын қамтамасыз ету үшін азық-түліктерді бөлімдерде дұрыс орналастыру үшін сақтау бойынша нұсқауларды орындаңыз: дұрыс сақтамаған кезде ең балғын өнімдердің өзі тез бұзылады.

Тоңазытқыш бөлімі ыңғайлы сөрелермен жабдықталған, олардың биіктігін арнайы бағыттағыштардың көмегімен реттеуге болады. Бұл ірі қаптамалар мен жоғары бөтелкелерді сөрелерге қоюға мүмкіндік береді. Ылғалдықтың жоғарыламауы үшін тоңазытқышқа қақпағы жоқ ыдыстардағы сұйықтықтарды салмаңыз, себебі бұл тоңазыту камерадағы температураның жоғарылауына әкеледі.

МҰЗДАТҚЫШ КАМЕРАНЫ ПАЙДАЛАНУ

Азық-түлікті сақтаудың ең жақсы жағдайларын қамтамасыз ету үшін төмендегі ұсыныстарды орындаңыз Мұздатқыш камерада мұздатуға және сақтауға арналған өнімдерді шамадан тыс қырау пайда болмас үшін жете орау керек.

1. Мұздатқыш камераның ішіне салынған өнімдер артқы және бүйірлік қабырғалармен жанаспағаны жақсы.
2. Дұрыс сақтау және кейінгі жібітуді жеңілдету үшін өнімдерді кішкене бөліктермен салыңыз.
3. Мұздатқыш камераға қатып қалған сұйықтықтарға толы шыны ыдыстарды, әсіресе оларда мықтап бітелген көпіретін немесе газдалған сусындар болса, ұзақ уақытқа салмаңыз. Сұйықтық кристалға айнала отырып, ыдысты сындыруы мүмкін.
4. Ылғалдықтың жоғарыламауы үшін мұздатқыш камераға сұйықтықтарды қақпағы жоқ ыдыстарда салмаңыз, себебі бұл температураның жоғарылауына әкеледі.

6. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТУ

Тоңазытқышты еріту үшін термореттегіштің тұтқасын «0» қалпына қойыңыз және тоңазытқышты электр желісінен ажыратыңыз. Еріту кезінде мұздатылған өнімдерді бірнеше қабаттап ораңыз және мүмкіндігінше, салқын жерге қойыңыз. Қайта қоспас бұрын тоңазыту бөлімін жуыңыз және жете кептіріңіз.

Егер жұмыс істеу кезінде мұздатқыш камерада қалыңдығы 5 мм-ден асатын қырау қабаты пайда болса, оны ерітуге дайындау керек. Ол үшін одан өнімдерді алу және оларды тоңазыту камераның сөрелеріне қою керек. Әрі қарай, мұздатқыш камераның есігін ашық қалдырыңыз және еріген суды жинау үшін кез келген контейнерді орнатыңыз, содан кейін мұздатқышты жуып, құрғатыңыз.

емкость для сбора талой воды, после чего вымыть морозильную камеру и вытереть насухо.

Иісін кетіруге қиын болатын иістерді болдырмау үшін қатты иіс шығаратын өнімдерді әрқашан тығыз жабылатын контейнерлерде сақтаңыз.

Тоңазытқыштың ішкі және сыртқы беттерін ысқышпен немесе жұмсақ шүберекпен жуыңыз. Бейтарап жуғыш құралдарды қолданыңыз. Ешқашан ұнтақ абразивті жуғыш құралдарды, сілтілі құрамдарды, органикалық қышқылдарды және ыстық суды қолданбаңыз, бұл лак-бояу жабынына зиян келтіруі мүмкін. Өткір немесе металл заттарды қолданбаңыз, бұл тоңазытқышты зақымдауы мүмкін.

Барлық алмалы-салмалы бөлшектерді судағы сабын немесе жуғыш құрал ерітіндісімен жууға болады. Сондай-ақ, оларды ыдыс-аяқ жуғыш машинада жууға да болады. Есіңізде болсын, барлық алмалы-салмалы бөлшектерді қайтадан тоңазытқышқа салып қоюдың алдында жақсылап кертiрiп алу керек.

Шаң тоңазытқыштың конденсаторында жиналып, оның қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Тиісті саптамаларды қолдана отырып, тоңазытқыштың артқы қабырғасын шаңсорғышпен абайлап тазалаңыз.

Егер Сіз тоңазытқышты ұзақ уақыт пайдаланғыңыз келмесе, оны қуат көзінен ажыратыңыз, ішін жуыңыз, кептіріңіз және жағымсыз иіс пен зеңнің пайда болуын болдырмау үшін есігін ашық қалдырыңыз.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ҮНЕМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМДАР

Тоңазытқышты дұрыс орнатыңыз

Жылу көздерінен жеткілікті қашықтықта, жақсы желдетілетін үй-жайда, ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ тарауының ұсынымдарына сәйкес.

Температураны дұрыс белгілеңіз

Термореттегішті ортаңғы қалыпқа орнатыңыз. Тым төмен температураны орнату, электр энергиясы шығының артуына ғана әсер етеді, бірақ өнімдердің сақталуын жақсартпайды.

Тоңазытқышты шамадан тыс толтырмаңыз

Өнімдердің сақталуы үшін ауа жеткілікті дәрежеде айналуы маңызды. Өнімдермен шамадан тыс толтыру ауаның еркін айналуына, тоңазытқыштың дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіреді және электр энергиясының қосымша жұмсалуына себеп болады.

Есікті жабық ұстаңыз

Есіктерді тек қажет болған кезде ғана ашыңыз, есікті әр жолы ашу тоңазытқыш ішіндегі температураны біршама көтеретінін және бұрынғы температураны қалпына келтіруге электр энергиясы жұмсалатынын есте сақтаңыз.

Тоңазытқыштың есігіндегі тығыздағыш резеңкенің таза болып қалуын және жапқан кезде корпусқа тығыз жанасуын қадағалаңыз, бұл салқын ауаның шығуына жол бермейді.

Ыстық тамақ салмаңыз

Тоңазытқышқа салынған ыстық өнімдер температураны дереу бірнеше градусқа көтереді. Өнімдер мен ыдыстарды бөлме температурасына дейін суытыңыз, содан кейін оларды тоңазытқышқа салыңыз.

7. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Тоңазытқыш қанағаттанарлықсыз жұмыс істеген немесе ақаулық туындаған жағдайда, авторландырылған сервис орталығына жүгінбес бұрын осы тарауды оқып шығыңыз. Кейбір жағдайларда Сіз туындаған мәселелерді өзіңіз шеше аласыз.

ТОҢАЗЫТҚЫШ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ

Мыналарды тексеріңіз:

- Үйде электр қуаты өшірілмегенін;
- Аша электр желінің розеткасына берік қосылғанына көз жеткізіңіз;
- Розетка жұмысқа жарамды.

ТОҢАЗЫТҚЫШТА ТЕМПЕРАТУРА ТЫМ ЖОҒАРЫ

Мыналарды тексеріңіз:

- Есік тығыз жабылған, тығыздағыш зақымдалмағанын;
- Термореттегіштің тұтқасы дұрыс қалыпта орналасқанын тексеріңіз;
- Бөлімдер өнімдерге толы емес екенін;
- Есік жиі ашылмағанын тексеріңіз.

КОМПРЕССОР ҮНЕМІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Мыналарды тексеріңіз:

- Тоңазытқыштың есігі тығыз жабылатынын және өте жиі ашылмайтынын;
- Үй-жайдағы температура тым жоғары емес екенін;
- Термореттегіштің тұтқасы дұрыс қалыпта орналасқанын тексеріңіз.

ТОҢАЗЫТҚЫШ ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕ ТЫМ ШУҰЛДАЙДЫ

Мыналарды тексеріңіз:

- Тоңазытқыш тегістелгенін;
 - Тоңазытқыш бөгде заттарға (мысалы, қоршаған жиһазға) тиіп тұрмайтынын;
 - Салқындату жүйесінің ішінде айналатын салқындатқыш агент компрессор жұмыс істемесе де, төгілген сұйықтықтың дыбысын тудыруы мүмкін. Бұл ақаулық болып табылмайды және тоңазытқыштың тиімді жұмысына әсер етпейді.
 - Термостат пен компрессорды қосудың тән дыбыстары аспаптың электр жабдықтары жұмыс істеген кезде пайда болатын қалыпты дыбыстар болып табылады. нормальными звуками, возникающими при работе электрооборудования прибора.
- Егер тексеруден кейін тоңазытқыш тиісті дәрежеде жұмыс істемесе, авторландырылған сервис орталығына жүгініңіз.

Бұл тоңазытқышта R600a салқындатқыш агенттің аз мөлшері бар, ол қоршаған орта үшін іс жүзінде қауіпсіз, бірақ бұл ретте ол жанғыш газ болып табылады. Ағып кеткен жағдайда салқындатқыш агент көздің тітіркенуін немесе тұтануды тудыруы мүмкін.

8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Моделі:	СТ-1700	СТ-1702	СТ-1703
Климаттық класс	N/ST	T/ST/N/SN	N/ST/T
Көлемі: толы/тоңазытқыш	45 л/ 43 л	67 л/66 л	94 л/93 л
Электр қуатының кернеуі	220-240 В~ 50 Гц	220-240 В~ 50 Гц	220-240 В~ 50 Гц
Максималды қуаты	64 Вт	70 Вт	65 Вт
Тоқ	0.5 А	0.45 А	0.5 А
Шуыл деңгейі	42 дБ	42 дБ	42 дБ
Электр энергиясын тұтыну	0.29 кВт/24 сағ	0.3 кВт/24 сағ	0.3 кВт/24 сағ
Ішкі жарықтандыру шамы	-	-	15 Вт
Энергия тұтыну класы	A+	A+	A+
Салқындатқыш агент	R600a (16 г)	R600a (16 г)	R600a (20 г)
Салмағы нетто	14.8 кг	17.4 кг	18.5 кг
Габариттері (мм)	ені	472	445
	тереңдігі	450	510
	биіктігі	492	630
		850	

9. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ҚҰРАЛДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қаптама, аспаптың өзі қайта қолдануға болатын материалдардан жасалған. Мүмкіндігінше, жою кезінде оларды қайта қолданылатын материалдарға арналған контейнерге лақтырыңыз.

ҚҰРАЛДЫ КӘДЕГЕ

Құрал қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін әдеттегі тұрмыстық қоқыстан бөлек кәдеге жаратылуы мүмкін. Оны электрондық құралдарды және электр құралдарды қайта өңдеуге қабылдаудың арнайы пунктіне тапсыруға болады.

Материалдар олардың жіктеліміне сәйкес қайта өңделеді. Бұл аспапты қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін қайта өңдеуге тапсырғаннан кейін Сіз қоршаған ортаны қорғауға үлкен үлес қосасыз.

Электрондық құралдар мен электрлік құралдарды қайта өңдеуге қабылдау пункттерінің тізімін Сіз мемлекеттік биліктің муниципалдық органдарынан аласыз.

10 СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ, КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Тауар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға сәйкес сертификатталған.

Бұл аспап Ресей Федерациясындағы электр аспаптарына қолданылатын барлық ресми қауіпсіздіктің ұлттық стандарттарына сәйкес келеді. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Федералды Заңының 5-бабының 2-тармағы тәртібінде өндіруші белгілеген осы өнім үшін қызмет ету мерзімі, өнім осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес қатаң түрде қолданылған жағдайда, түпкілікті тұтынушыға өткізу күнінен бастап 10 жылды құрайды. Бұйымды өндіру күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3 белгілер — жыл, 4 және 5 белгілер — өндірілген айы). Сериялық нөмір аспаптың корпусында және/немесе пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін құралды одан әрі пайдалану бойынша ұсынымдарды алу үшін ең жақын авторландырылған сервис орталығына жүгініңіз. Кепілдікті және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетуді «Ларина-Сервис» ЖШҚ Краснодар қ. бас сервис орталығы жүзеге асырады. Тел.: 8 (861) 991-05-42. Қалаңызда сервис орталығының болуы туралы Сіз көрсетілген телефон бойынша немесе www.centek.ru сайтында біле аласыз.

Өнімнің сәйкестік сертификаты бар:

¹ ТҚ RU C-SG.ЫДЖ01.В.00210 16.07.2018 ж.



Өнім сертификатталған және талап етілген барлық ресейлік стандарттарға сәйкес келеді

11. ӨНДІРУШІ, ИМПОРТТАУШЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Дайындаушы: Midea Electric Trading (Singapore) Co PTE LTD. (Мидея Электрик Трэйдинг (Сингапур) Ко ПТЕ ЛТД).

Мекенжайы: Сингапур, 158 Cecil Street #07-01/02, Singapore 069545. (Сингапур, 158 Сесил Стрит #07-01/02, Сингапур 069545).

Өндірістің мекенжайы: No.176 Jinxiu Road, Economic&Technological Zone, Hefei, China. (№176 Жинхуи Род, Экономик энд Технолоджикал Зоун, Хе-фей, Қытай).

РФ аумағында импортушы: «Ларина-Электроникс» ЖШҚ.

Мекенжайы: Ресей, 350080, Краснодар қ., Демус көш., 14 үй. Тел.: 8 (861) 2-600-900.

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ!

Түпкілікті тұтынушыға өткізген күннен бастап құралға кепілдік мерзімі 36 айды және компрессорге 60 айды құрайды. Өндіруші осы кепілдік талонымен осы аспаптың жарамдылығын растайды және өндірушінің кінәсінен туындаған барлық ақаулықтарды тегін жою жөніндегі міндеттемені өзіне алады.

Кепілдікті жөндеуді дайындаушының Краснодар қ., Демус көш., 14 үй мекенжайы бойынша орналасқан «Ларина-Сервис» ЖШҚ авторландырылған сервис орталығы жүргізуі мүмкін. Тел.: 8 (861) 991-05-42.

КЕПІЛДІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ

1. Кепілдік рәсімдеудің келесі шарттарын сақтаған кезде әрекет етеді:

- егер сатушы компанияның мөрі және кепілдік талонындағы сатушы өкілінің қолы, әр жыртылатын купондағы мөрлер, сатып алушының қолы болса, үлгісінің атауын, оның сериялық нөмірін, сату күнін көрсете отырып, өндірушінің түпнұсқа кепілдік талонын дұрыс және нақты толтыру.

Өндіруші жоғарыда аталған құжаттар ұсынылмаса немесе олардың ішіндегі ақпарат толық емес, түсініксіз, қарама-қайшы болса, кепілдікті қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

2. Кепілдік пайдаланудың келесі шарттарын сақтаған кезде әрекет етеді:

- аспапты пайдалану нұсқаулығына қатаң сәйкестікте қолдану;
- қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтау.

3. Кепілдікке аспапқа мерзімді қызмет көрсету, тазарту, орнату, иесінің үйінде теңшеу кірмейді.

4. Кепілдік келесі жағдайларға таралмайды:

- механикалық зақымдануларға;
- аспаптың табиғи тозуы;
- пайдалану шарттарын сақтамау немесе иесінің қате әрекеттері;
- қате орнату, тасымалдау;
- сұрапыл апаттар (найзағай, өрт, су басу және т.б.), сондай-ақ сатушы мен дайындаушыдан тәуелсіз басқа себептер;
- аспаптың ішіне бөтен заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің түсуі;
- уәкілетсіз тұлғалармен жөндеу немесе құрылымдық өзгерістер енгізу;

- аспапты кәсіби мақсаттарда қолдану (жүктеме тұрмыстық қолдану деңгейінен асып кетеді), аспапты Мемлекеттік техникалық стандарттарға сәйкес келмейтін қуаттайтын телекоммуникациялық және кабелді желілерге қосу;
 - егер оларды ауыстыру конструкцияда көзделсе және бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, төменде аталған бұйым жабдықтарының істен шығуы;
- а) қашықтан басқару пульстері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері (батареялар), сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- б) шығын материалдары және аксессуарлар (қаптама, тыстар, белдіктер, сөмкелер, торлар, пышақтар, шыны сауыттар, тәрелкелер, түпқоймалар, шілтерлер, ұршықтар, құбыршектер, түтіктер, щеткалар, саптамалар, шаң жинауыштар, сүзгілер, иіс сіңіргіштер);
- батареядан жұмыс істейтін аспаптар үшін, - қолайсыз немесе тозған батареялармен жұмыс істеу;
 - аккумулятордан жұмыс істейтін құралдар үшін, - аккумуляторды зарядтау және аздап зарядтау ережелерін бұзудан туындаған кез келген зақымданулар.

5. Осы кепілдікті өндіруші қолданыстағы заңнамада белгілеген тұтынушының құқықтарына толықтыру ретінде ұсынады және ешбір жағдайда оларды шектемейді.

6. Өндіруші CENTEK CM өнімімен адамдарға, үй жануарларына, тұтынушының және/немесе өзге үшінші тұлғалардың мүлкіне тікелей немесе жанама келтірген ықтимал зиян үшін, егер бұл бұйымды пайдалану, орнату ережелері мен шарттарын сақтамау; тұтынушының және/немесе өзге үшінші тұлғалардың қасақана және/немесе абайсыздан жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі), еңсерілмейтін күш жағдайларының нәтижесінде болған жағдайда жауапты болмайды.

7. Сервис орталығына жүгінген кезде бұйым тек таза күйінде қабылданады (құралда азық-түлік қалдықтары, шаң-тозаң және басқа ластанулар болмауы тиіс).

Өндіруші алдын ала хабарламай, аспаптың дизайны және сипаттамаларын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Қызмет ету мерзімі, бұйым осы қолдану нұсқаулығына және қолданылатын техникалық стандарттарға қатаң сәйкестікте қолданылған жағдайда, түпкілікті тұтынушыға өткізген күннен бастап 10 жылды құрайды. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты одан әрі пайдалану бойынша ұсынымдарды алу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз. Бұйымды өндіру күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3 таңбалар — жыл, 4 және 5 таңбалар — өндірілген айы).